



«Дипломмен ауылға» бағдарламасы

2025-2027 жылдары «Дипломмен ауылға» бағдарламасы ауылдық аумақтарды білікті кадрлармен қамтамасыз етуде шешуші рөл атқара отырып, Қазақстанда оны белсенді іске асыруды жалғастырады. «АМАНАТ» партиясының 2003-2007 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасының Жол картасын орындау шеңберінде ауылдық жерге жіберілетін мамандарға бюджеттік кредит беруге 2025 жылы 25 млрд теңге қарастырылған. Бұл шамамен 2,8 мың маманды тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Дипломмен ауылға» мемлекеттік жобасы 2009 жылдан бері іске асырылуда. Ол ауылдағы кадр тапшылығы проблемасын шешуге арналған. Негізі мақсат-денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласына, сондай-ақ жергілікті жерлердегі мемлекеттік басқару органдарына дипломды мамандарды тарту.

Жобаға қатысушыларға мынадай әлеуметтік қолдау шарасы ұсынылады:

*100 АЕК мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы;

* тұрғын үй сатып алуға немесе салуға аудан орталығында 2 500 АЕК, ауылдық елді мекенде 2 000 АЕК бюджеттік кредит бөлінеді.

Кредит 15 жылға беріледі. Міндетті шарт-ауылдық жерде кемінде 3 жыл жұмыс істеу.

2023 жылғы 1 сәуірден бері жобаны іске асыру жөніндегі агент «Отбасы банк» АҚ. Цифрландыру мақсатында өтінім беру мен кредит арудың барлық процесі **Baspana Market-otbasybank.kz/program-bank** платформасында толықтай автоматтандырылған.

Жобаны іске асырудың 2009-2024 жылдардағы нәтижесі мынадай:

*114 мыңнан астам маман 23,6 млрд теңгеге көтерме жәрдемақы алды;

*52 мыңнан астам маман 189,5 млрд теңге сомасына бюджеттік кредитті пайдаланады.

Біржолғы көтерме жәрдемақы алушылардың құрылымы:

*Білім беру саласындағы мамандар-78 мың адам (68,3%);

*Денсаулық сақтау қызметкерлері- 24,4 мың адам (21,4%);

*Ауыл шаруашылығы мамандары- 4 мың адам (3,5%);

*Ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер-900-ге жуық адам (0,8%);

Тұрғын үй кредитін алушылардың құрылымы:

*Білім беру саласындағы мамандар-35,1 мың адам (67,1%);

*Денсаулық сақтау қызметкерлері- 11,6 мың адам (22,2%);

*Ауыл шаруашылығы мамандары- 1,9 мың адам (3,6%);

*Ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер-360-тан астам адам (0,7%).